

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 662 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

12 - тармақта:

64) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«64) мына жеке басты куәландыратын құжаттардың үлгілерін, оларды ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою тәртібін әзірлейді:

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;
азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
бос қын куәлігі;»;

мынадай мазмұндағы 64-1), 64-2), 64-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«64-1) осы Ереженің 12-тармағының 64) тармақшасында көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттарды ресімдеуді, беруді, ауыстыруды, алып қоюды және жоюды жүзеге асырады;

64-2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен азаматтарды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады;

64-3) Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жеке сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыруды орталықтандырылған түрде жүзеге асырады және тіркейтін және басқа да мемлекеттік органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелерге ақпарат береді;»;

126) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«126) жол жүру құжатының үлгілерін бекітеді және оны беруді жүзеге асырады;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК